

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр машиналары және электр жетегі кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі

т.ғ.к., Калиева К.Ж.

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« » 2019 ж.

(колы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Күштік трансформатордың есептеу

Орындаған Шуमानов Арихан Қалимсанұлы мамандығы бойынша
(студенттің аты - жөні) ЭЭТК - 15-01 (тобы)

Жетекші Жәлел Қасымжан Оспанов, т.ғ.к., доцент
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
Жәлел « » 2019 ж.
(колы)

Пікір жазушы: _____
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« » 2019 ж.
(колы)

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :
Аға оқытушы Саталова М.Е.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
М.Е. «28» 05 2019 ж.
(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
д.ғ.к., аға оқытушы Мұстафин Қайрат Раббаович
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Мұстафин «24» 03 2019 ж.
(колы)

Мөлшер бақылаушы: аға оқытушы Жарқашбекова М.Б.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Жарқашбекова «28» 05 2019 ж.
(колы)

Алматы 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ

Электр энергетика және электртехника

5B071800 – Электр энергетикасы

Электр машиналары және электр жетегі

институты
мамандығы
кафедрасы

жұмысты орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Шуманалиев Алихан Қалипсанұлы
(аты - жөні)

Жұмыс тақырыбы Күштік трансформатордың есептеуі

ректордың «26» қазан 2019 ж. № 124 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «28» 05 2019 ж.

Жұмысқа бастапқы деректер (талап етілетін жұмыс нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Трансформатордың номиналдық қуаты $S = 400$ кВА
Фаза сандары $m = 3$ Басқа тұтынушы кернеуі $U_k = 95\%$
Жиілігі $f = 50$ Гц
Трансформатордың өңделу режимі үзінсіз
Номиналдық мөселердің жиілік кернеуі $U_{\text{нн}} =$
Номиналдық төменгі жиілік кернеуі $U_{\text{нн}} =$
Ораңдардың мөселер сұлбасы және топ $Y/Y - 12$
Трансформатордың салбылдату әдісі табиғи майлау

Диплом жұмысындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жұмысының қысқаша мазмұны:

1. Негізгі электрлік шамалар
2. Трансформатордың өлшемдерін анықтау
3. Трансформатор ораңдарын есептеу
4. Трансформатор кернеуінің бағытталған өзгеруі және параметрлері
5. Басқа тұтынушы кернеуі ораңдардың механикалық күштер
6. Трансформатордың магниттік өңделу есептеуі
7. Байланыс аяғы коэффициенті
8. Өмір тіршілік бауынсыздығы
9. Экономикалық бағалау

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ДАЙЫНДАУ

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Электр машиналар ретінде күштіс трансформаторларға қарса.	02. 12. 2018.	
2.	Трансформатор құрылымы және жұмыс істеу принципі.	15. 12. 2018.	
3.	Трансформатордың орнына сұрақтар. Бас мақсат ретінде	29. 12. 2018.	
4.	Басқа түйінділік ретінде.	06. 12. 2018.	
5.	Трансформатордың шағын және кернеуін өзгерту және параметрлерін көтеру.		
6.	Үш фазалы трансформаторлар	10. 02. 2019.	
7.	Трансформатор шот.		
8.	Трансформатор орамындағы есептеу	24. 01. 2019.	
9.	РІС құрылымы және оның қасиеттері біріктіріліп орындау		
10.	Трансформатор кернеуін өзгерту және параметрлері.	21. 02. 2019.	
11.	Басқа түйінділік ретінде орамындағы механикалық күштер	12. 03. 2019.	
12.	Трансформатордың жалпы есептеу.	28. 03. 2019.	
13.	Қайдалану коэффициенті.	14. 04. 2019.	
14.	Өмір тіршілік баулылығы.	05. 05. 2019.	
15.	Ана салыстырғы құрылымы		
16.	Қиырат аудару бойынша бақылау өрт сөндіру құрылымы.	10. 05. 2019.	
17.	Экономикалық бөлімі		

Тапсырманың берілген уақыты « 02 » 11 2019 ж.

Кафедра меңгерушісі

(қолы)

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жұмыс жетекшісі

Жаппас К.О., т.ғ.к., доцент

(қолы)

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент

А.Алиев
(қолы)

Аушаналиев Анухан
(аты -жөні)

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста өндірісте жиі қолданылатын үш фазалы күштік трансформатордың негізгі сипаттамалары электрлік алмасу схемасы, бос жүріс, қысқа тұйықталу режимдері үш фазалы трансформатордың жалғану топтары талданып, оларды параллель қосу шаралары анықталды.

Қуаты 6300 кВА болатын 35 кВ кернеуге арналған төмендеткіш трансформатор есептелді. Магнит жүйесі таңдалып, орам сандары, қысқа тұйықталу, бос жүріс режимдері есептеліп, салқындату радиаторлары құрылысы таңдалды.

Күштік трансформаторларды диагностикалау сұлбасы құрылып, импульстік диагностикалау қабылданды.

Өміртіршілік қауіпсіздігі қарастырылып, экономикалық тиімділік қабылданды.

АННОТАЦИЯ

В дипломной работе рассматриваются основные характеристики, схема замещения, режимы холостого хода и короткого замыкания, схемы соединения обмоток, условия параллельного соединения трехфазных силовых трансформаторов.

Расчитан понижающий трансформатор с мощностью 6300 кВА на напряжение 35 кВ. Выбрана магнитная система, расчитаны параметры обмоток, режимы холостого хода и короткого замыкания. Выбран тип радиатора для охлаждения трансформатора. Составлена схема диагностирования силовых трансформаторов и принята импульсный метод диагностирования.

Расчитаны вопросы безопасности жизнедеятельности и расчитана экономическая эффективность от внедрения нового силового трехфазного трансформатора.

ANNOTATION

In diploma work examined basic descriptions, chart of substitution, modes of idling and short circuit, chart of connection of puttees, condition of parallel connection of three-phase power transformers.

Calculations step-down transformer with power of 6300 kVA on tension of 35 kV. the magnetic system, calculations parameters of puttees, modes of idling and short circuit, is Chosen. The type of radiator is chosen for cooling of transformer. Diagrammatized diagnosticating of power transformers and accepted impulsive method of diagnosticating.

Calculations questions of safety of vital functions and calculation economic efficiency from introduction of new power three-phase transformer.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Электр машинасы ретінде күштік трансформаторларды қарастыру. Күштік трансформаторлар жайлы жалпы мағлұматтар	10
1.2	Трансформатор құрылысы және жұмыс жасау принципі	12
1.3	Трансформатордың орынбасу сұлбасы. Бос жүріс режимі	15
1.4	Қысқа тұйықталу кезіндегі режим	18
1.5	Трансформатордың шықпалық кернеуін өзгерту және параметрлерін келтіру. Пайдалы әсер коэффициенті	19
1.6	Үш фазалы трансформаторлар	23
1.7	Трансформатордың параллель қосылу, жалғану топтары	25
1.8	Трансформатордың шуы	28
1.9	Трансформаторларда болатын магниттік шулар	29
1.10	Трансформатордың шуына талдау жасау мен өлшеу амалдары	31
1.11	Трансформатордың шуын төмендету амалдары	32
2	Негізгі бөлім	32
2.1	Жобалауға арналған бастапқы мәліметтер	32
2.2	Негізгі электрлік шамалар	33
2.3	Трансформатордың негізгі өлшемдерін анықтау	33
2.4	Трансформатор орамдарын есептеу	39
2.5	Тік бұрышты қималы сымнан жасалған бірінші цилиндрлік орамды есептеу	39
2.6	Дөңгелек қималы сымнан жасалған екінші цилиндрлік көп қабатты орамды есептеу	42
2.7	Трансформатор кернеуінің қатыстық өзгеруі және параметрлері	45
2.8	Қысқа тұйықталу кезіндегі орамдардағы механикалық күштер	47
2.9	Трансформатордың магниттік жүйесін есептеу	48
2.10	Пайдалы әсер коэффициенті	53
3	Өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі	53
3.1	Ауаны салқындату құрылғысы	53
3.2	Ғимарат ауданы бойынша қажетті өрт сөндіруші құралдар	72
4	Экономикалық бөлім	66
4.1	Күштік трансформаторлардың эконеомикалық тиімділігін есептеу	66
4.2	Жобаға салынатын инвестицияның эффективтілігін арттыру	71
	Қорытынды	74
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	75

Кіріспе

Оқтаушалы магнит өткізгіші бар күштік трансформаторлар құрылымдық жағынан қорғаныштық (бронды) типтегі трансформаторлармен салыстырғанда ең қарапайым әрі ыңғайлы болып табылады, сонымен қатар трансформатор құрауда көп тараған белгілі. Қазақстанда қорғаныштық (бронды) типтегі трансформаторлар көбінесе аз қуатты радиотехникалық құрылғыларда қолданылады. Оқтаушаді магнит өткізгіші бар күштік трансформаторлар орам мен өзекшені ең жақсы салқындатуды, шарттарымен, трансформаторды тексеру кезіндегі орамдарды қарауға ыңғайлы, құрылысымен, өзекшені жөндеу және жинау құрылымының қарапайымдылығымен қамтамасыз етілген.

Бұл дипломдық жұмыста күштік трансформаторды, оның зауыттық құрылым кезіндегі екінші қатарлы бөлшектерінің және түйіндерінің мәндерін ескермей, қысқаша түрде есептеу жүргізілді. Дегенмен, осының өзі трансформаторларды есептеудің негіздерін игеруге толық мүмкіндік берді.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Электр машинасы ретінде күштік трансформаторларды қарастыру. Күштік трансформаторлар жайлы жалпы мағлұматтар

Трансформатор - кернеуі бойынша электр энергиясын түрлендіруге және сол кернеуді реттеу үшін арналатын электромагниттік құрылғы.

Трансформатор жалпы латын тілінен аударғанда түрлендіру деген ұғымды білдіреді.

Қазіргі уақытта пайдаланып жатқан трансформаторларды О.Блати, К.Циперновский және М.Дери сияқты ғалымдар 1885 жылы ойлап тапқан болатын.

Трансформатор қолданысқа электр энергиясын тарату барысында шығынды төмендету мен сымдық материалдарды үнемдеу мақсатында енген болатын.

Электр тораптарында және электрмен жабдықтау жүйелерінде пайдаланылатын трансформаторларды күштік трансформаторлар деп атаймыз. Кернеуді жоғарылатқыш күштік трансформаторлар электр станцияларында қойылса, төмендеткіш күштік трансформаторлар электр қабылдағыштарға қойылады. Себебі, генераторлар және электр қабылдағыштар 10 кВ кернеуге дейін ғана есептелген болған. Алайда, генераторлар кернеуі 6,3 не болмаса 10,5 кВ. Осындай кернеулер желілердегі энергияның шығыны өте үлкен және көп сымдық материал қажет ететіндіктен, электр энергиясын алысқа таратуға жарамайды. Сол себепті, трансформатор кернеулері әр түрлі және генератордың кернеуімен салыстырғанда біраз жоғары болады.

Күштік трансформатор қуаты 10 кВА бастап 1 млн.кВА дейінгі үлкен аралықты алып қамтиды. Қолданыста қуаты төмен трансформаторлар да кең тараған, олар көбінесе қуаты аз әр түрлі электрлік құралдарда, автоматика мен радиотехника пайдаланылады.

$S=1000$ кВА қуаты бар электр энергиясын $U_1=10$ кВ кернеу кезінде 1 км қашықтыққа әуе желісі арқылы жеткізу керек болсын.

Ток күші

$$I_1 = \frac{S}{\sqrt{3}U_1} = \frac{1000 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 10 \cdot 10^3} \approx 58, \text{ А.} \quad (1.1)$$

Ток тығыздығы $\delta = \frac{2A}{\text{мм}^2}$ алсақ, осындай ток үшін көлденең қимасының ауданы төмендегідей болады:

$$q_1 = \frac{I_1}{\delta} = \frac{58}{2} = 29 \text{ мм}^2, \quad (1.2)$$

сым қажет болады.

Егерде электр энергиясын $U_1=110кВ$ кернеумен сол қашықтыққа тарататын болсақ, онда ток күші:

$$I_2 = \frac{S}{\sqrt{3}U_2} = \frac{1000 \cdot 10^3}{\sqrt{3} \cdot 110 \cdot 10^3} \approx 5A. \quad (1.3)$$

Қабылдап алынған ток тығыздығы кезінде осындай ток үшін, сымның көлденең қимасының ауданы келесідей:

$$q_2 = \frac{I_2}{\delta} = \frac{5}{2} = 2,5мм^2. \quad (1.4)$$

$C_1 = \gamma q_1$ кг сым бірінші нұсқа үшін қажет болса, $C_2 = \gamma q_2$ кг сым екінші нұсқа үшін қажет болады.

мұндағы G_1, G_2 — нұсқа бойынша сымның салмақтары;

γ — сым материалдарының үлестік тығыздығы.

Осы жерден екі нұсқадағы сым салмақтарының қатынасын тапсақ:

$$\frac{G_1}{G_2} = \frac{q_1}{q_2} \approx \frac{29}{2,5} \approx 12, \quad G_1 = 12G_2. \quad (1.5)$$

Осы кернеудің деңгейін ұлғайтсақ, токтың азаюына есебінен жіңішке сым алуға болады, осылайша желілік сымның салмағын төмендетуге болатынын байқатады.

Осы кернеу сыммен ток өткен уақытта қызады, бұл жердегі электр энергиясы жылу энергиясына түрленіп электр желісінің бойында электр қабылдағышқа жетпей шығынға ұшырайды. Энергия шығынының қуаты:

$$\Delta P_1 = 3R_1 I_1^2 = 3\rho \frac{l}{q_1} I_1^2, \quad \Delta P_2 = 3R_2 I_2^2 = 3\rho \frac{l}{q_2} I_2^2. \quad (1.6)$$

мұндағы ρ — сымдық материалдың үлестік кедергісі;

$\Delta P_1, \Delta P_2$ — бірінші мен екінші нұсқа бойынша энергияның шығынының қуаты.

Екі тепе-теңдіктің қатынасы бойынша

$$\frac{\Delta P_1}{\Delta P_2} = \frac{q_2}{q_1} \cdot \left(\frac{I_1}{I_2} \right)^2 = \frac{2,5}{29} \cdot \left(\frac{58}{5} \right)^2 \approx 12, \quad \Delta P_1 = 12\Delta P_2. \quad (1.7)$$

Осыдан кейін кернеу деңгейін арттырсақ, сымдағы токтың азаюы есебінен сол жердегі электр энергияның шығынының азаятындығы көреміз.

Сол себепті, электр энергиясын алысқа тасымалдау кезінде кернеу деңгейін арттырсақ, желідегі энергияның шығыны төмендейді және де сымдық материал үнемделетін болады. Осындай мақсатта трансформаторды кернеу деңгейін реттеу үшін ойлап шығарған.


Өндіріс пен техниканың дамуына байланысты әр түрлі құрылғыларда номинал кернеу пайда болды: 50...70 В аралығында пісіріу трансформаторлары, 12...40 В аралығында апаттық жарықтандыру шамдары, электрондық құрылғылар, түрлендіргіштер және т.с.с. Осындай құрылғылардың бәрінде трансформаторлар қолданылады. Электр энергиясын бақылау жұмыстарында тоқтық және кернеулік өлшеуіш трансформаторлар пайдаланылады.

1.1 кесте – Номинал кернеулердің мәндері

1000 В-ке дейін		1 кВ-тен жоғары	
Трансформатор, генератордың шықпа орамалары	Электр желілері және электр қабылдағыштар	Трансформатор, генератордың шықпалы орамалары	Электр желілер және қабылдағыштар
42	40	6,3	6
230	220	10,5	10
400	380	22	20
690	660	38,5	35
		127	110
		242	220
		347	330
		525	500
		787	750

1.2 Трансформатор құрылысы және жұмыс жасау принципі

Трансформатор кернеудің санына байланысты бір фазалы, үш фазалы, кернеулерді реттеуге байланысты жоғарылатқыш және төмендеткіш болып бөлінеді.



1.1 сурет– Бір фазалы трансформаторлардың сұлбасы және шартты белгілері

Трансформатор неше түрлі қызмет атқарғанымен олардың негізгі құрылысы мен жұмыс жасау принципі бірдей. Сол себепті, трансформатор жұмыс жасау принципі мен әр түрлі күйлерін бір фазалы трансформатор бойынша қарастыруға да болады.

Трансформаторлар ферромагниттік магнит өткізгіш өзекшеден және аз дегенде екі орамадан құралады (1.1 сурет). Орамалар трансформатордың түрлеріне байланысты өзекте бірі үстіне бірі, қатарлай не болмаса әр жерге орналасуы да мүмкін.

Орамалардың бір басы кернеу көзіне қосылғандықтан кіріс (бірінші реттік) орама деп аталады, ал екіншісінің қысқыштарына электр қабылдағыштар қосылуына байланысты шықпалы (екінші реттік) орама деп аталады. Орамалар орамдары бір-бірінен және де өзекшеден оқшауланған.

Өзекше қалыңдығы 0,3...0,5 мм трансформатордың болат табақшаларынан жинақталады. Энергияның өзекшесіндегі шығынын азайту мақсатында табақшалар бір-бірінен және орамадан оқшауланған.

Айнымалы кернеу көзіне кіріс ораманы қосқан кезде оның бойымен айнымалы ток жүреді. Айнымалы ток ораманың айнымалы магнит өрісін қоздырады, ораманың ішінде ферромагнит өзек орналасқандықтан магниттеліп, орамалардың магнит өрісін күшейтеді, сонымен қатар магниттік күштің сызықтарын бойымен таратады.

Шықпалы ораманы айнымалы магнит ағыны қиып өтуіне байланысты электрмагниттік индукция заңы бойынша айнымалы ЭҚК пайда болады:

$$e_2 = -w_2 \frac{d\Phi}{dt}, \quad (1.8)$$

мұндағы $d\Phi/dt$ – магнит ағынның өзгеру жылдамдығы;

W_2 – шықпалы ораманың орамдар саны.

Трансформатордың жұмыс жасау принципі осылай түсіндіріледі.


Бұл жерде ескере кететін жайт – ол трансформатордың тек айнымалы ток тізбегінде жұмыс жасай алуы, яғни тек айнымалы кернеуді түрлендіреді. Сол себепті, тұрақты магнит өрісін тұрақты ток қоздырады. ЭҚК тұрақты магнит өрісі қозғалмай тұрған өткізгіште тұмайды.

Екінші ескере кететін жайт – ол трансформатор өзекшесін тек ферромагнитті материалдан орындайтындығы. Себебі, ферромагнитті материал болмаса (мысалы, қола, мыс, алюминий т.б.) магниттелмейді, сол себепті ол магнит өткізгіш ретінде қарастырыла алмайды.

ЭҚК теңдеуі. Трансформатордың кіріс орамасын айнымалы кернеу көзіне қосқан кезінде өзекшеде туатын айнымалы магнит өрісі шықпалы орамада өзара индукция ЭҚК, ал кіріс орамада өздік индукция ЭҚК пайда болады.

Бұл ЭҚК қандай шамаларға қатысты екендігін қарастырайық. Электрмагниттік индукция заңы бойынша орамалардың әр орамдарында туатын ЭҚК:

$$e = -\frac{d\Phi}{dt}. \quad (1.9)$$



1.2 сурет– Кіріс орамасы кернеу көзіне қосылған кездегі бір фазалы трансформатордың сұлбасы

Өзекшедегі магнит ағыны синусоидалық заңдылық бойынша өзгереді деп алсақ,

$$\Phi = \Phi_m \sin \omega t, \quad (1.10)$$

онда

$$e = -\frac{d(\Phi_m \sin t)}{dt} = -\omega \Phi_m \cos \omega t = \omega \Phi_m \sin\left(\omega t - \frac{\pi}{2}\right) = E_m \sin\left(\omega t - \frac{\pi}{2}\right), \quad (1.11)$$

$$E_m = \omega \Phi_m. \quad (1.11)$$

Әрбір орамдағы ЭҚК-тің де синусоидалық заңдылық бойынша өзгереді және де 90° -қа магнит ағынынан калып отыратындығы 1.11 теңдігінен байқаймыз.

1.12 теңдігін қарастырсақ, онда теңдеудің екі жағын $\sqrt{2}$ -ге бөлсек, онда ЭҚК әрекеттік мәнін магнит ағыны амплитудасы арқылы байланыстыратын өрнек аламыз:

$$E = \frac{\omega}{\sqrt{2}} \Phi_m = \frac{2\pi}{\sqrt{2}} f \Phi_m = 4,44 f \Phi_m. \quad (1.12)$$

Бұл тек бір орамда пайда болған ЭҚК. ЭҚК осы мәнін орамдар сандарына көбейтсе (орамдар тізбектей жалғанған), кіріс және шығыс орамалардың ЭҚК

$$E = 4,44 w_1 f \Phi_m; \quad (1.13)$$

$$E = 4,44w_2f\Phi_m, \quad (1.14)$$

мұндағы: E_1, E_2 – кіріс және шығыс орамалардың ЭҚК;


W_1, W_2 – кіріс және шығыс орамалардың орам сандары, магнит ағынының амплитудасына, (1.14) және (1.15) теңдіктерінен орамаларда пайда болатын ЭҚК орам санына және магнит өрісінің өзгеру жиілігіне тәуелді деп тұжырым жасауға болады. Басқаша айтқанда, магнит өрісінің күшті не әлсіз екендігіне, орамдағы ЭҚК орама санының ұзын не қысқалығына, ол орамаларды қандай жылдамдықпен өрістің күш сызықтары қиып өтетіндігіне тәуелді.

1.3 Трансформатордың орынбасу сұлбасы. Бос жүріс режимі

Трансформаторда болатын физикалық процестерді және оның шамаларының арасында болатын фазалық байланыстарды түсіну үшін трансформатордың орынбасу сұлбасы ерекше.

Трансформатордың орынбасу сұлбасы трансформаторда болатын магниттік, яғни электр күйлерінің теңдеулеріне сүйене отыра тұрғызылады.

Орынбасу сұлбасын тұрғызу үшін кіріс және шығыс орамаларды электрлік байланыстыру қажет болады. Сол үшін шығыс ораманың ЭҚК-іне трансформациялық коэффициентіне көбейтіліп, оны кіріс ораманың ЭҚК теңестіру қажет.



1.3 сурет – Трансформатордың балама (а) және Т-тәріздес орынбасу (б) сұлбасы

Сәйкесінше

$$U'_2 = kU_2, \quad (1.15)$$

болады.

Мұндағы E'_2, U'_2 -шығыс ораманың кіріс орамаға келтірілген ЭҚК және кернеу.

Алайда, шығыс ораманың параметр бойынша кіріс ораманың параметрлеріне келтіру трансформатордың магниттік, электрлік және энергетикалық күйлерін, ендеше орамалардың қуатын да өзгертпеуі керек. Келтірілген мен келтірілмеген орамалардың қуаттары тепе-теңдігінен алатынымыз

$$E_2 I_2' = E_2 I_2, \quad (1.16)$$

шығыс орамның ЭҚК өзгерген уақыттағы келтірілген ток:

$$I_2' = \frac{E_2}{E_2'} \cdot I_2 = \frac{1}{\frac{E_2'}{E_2}} = \frac{1}{k} I_2, \quad (1.17)$$

яғни, ораманың нақты тогынан келтірілген ток k есе аз болады. Реактивті және активті қуаттардың тепе-теңдігінен, яғни

$$R_2' I_2'^2 = R_2 I_2^2, \quad X_2' I_2'^2 = X_2 I_2^2; \quad (1.18)$$

шығыс орамалардың бірінші реттік орамаға келтірілген кедергілері:

$$R_2' = \left(\frac{I_2}{I_2'} \right)^2 R_2 = k^2 R_2, \quad X_2' = \left(\frac{I_2}{I_2'} \right)^2 X_2 = k^2 X_2. \quad (1.19)$$

Трансформатордың кіріс орамасы кернеу көзімен қосылған кезде шықпалы орамасы электр қабылдағышқа қосылмай ағытулы тұрған жағдайда ($I_2 = 0$ шықпалы орамның тогы), сол кезде трансформатордың осындай жұмыс бөлігінің күйін бос жүріс деп атаймыз. Трансформатордың орамалары тогы, бос жүріс кезінде ферромагнит өзекшенің әсерінен нақты синусоидалы бола алмайды. Алайда, трансформатордағы жүк ұлғайған сайын, оның синусоидалдылы емес болуы азая түседі. Сол себепті, көп жағдайда жүктемелік трансформатордың тогы синусоидалы деп саналады, бос жүрісті трансформатор тогы оған баламалы синусоидалы токпен ауысады.

Трансформатордың электрлі күйін анықтау мақсатында Кирхгофтың екінші заңы арқылы кіріс және шығыс орамалардың тізбектері үшін теңдіктер жазу қажет. Ток бағытымен ЭҚК бағыты сәйкес болады деп алсақ, кіріс ораманың бойында

$$\dot{U}_1 - R_1 \dot{I}_1 = -\dot{E}_1 - \dot{E}_{1w}, \quad (1.20)$$

шығыс ораманың бойында:

$$\dot{U}_{2\delta} = \dot{E}_2, \quad (1.21)$$

мұндағы I_0 - кіріс ораманың бос жүріс тогы;
 $E_{1ш}$ - сол орамадағы шашыранды ЭҚК;
 U_1 -кіріс ораманың кернеуі;
 R_1 -кіріс ораманың активті кедергісі;

U_{26} - шығыс ораманың бос жүріс кернеуі.

Трансформатордың номинал тогымен салыстырғанда бос жүріс тогы аз болуына байланысты (номинал ток 3% дейін) кедергідегі кернеу құлауы мен шашыранды ЭҚК (негізгі ЭҚК 3...5% аралығы) ескермеген жағдайда

$$\dot{U} = -\dot{E}_1. \quad (1.22)$$

Осы теңдік энергияны шығынға ұшыратпайтын идеал трансформаторлар үшін тиімді.


Барлық жағдайда (1.22) мен (1.23) теңдіктері бос жүріс кезіндегі трансформаторда кіріс ораманың ЭҚК орнына оның кернеуін алуға болатындығын, ал шығыс ораманың ЭҚК оның кернеуіне тең екенін білдіреді.

(1.23) және (1.22) теңдіктерінің қатынасын алсақ, ЭҚК (1.19) және (1.20) теңдіктеріне мәндерін қойсақ алатынымыз

$$\frac{U_1}{U_{16}} = \left| \frac{E_1}{E_2} \right| = \frac{\omega_1}{\omega_2} = k, \quad (1.23)$$

бұдан шығатыны, бос жүріс бойынша орамалардың ЭҚК-тері мен кернеулерінің қатынасы олардың орам сандарының қатынасына тең. Орамдарының саны тұрақты шама болуына байланысты, олардың қатынасы да k тұрақты шама болып саналады. Бұл шама - трансформация коэффициенті, шықпалық кернеудің кіріс кернеумен салыстырғанда, орамалардың орам сандарына қатысты қанша есе азайып, не болмаса көбейетінін білдіреді.

Трансформатордың бос жүріс бойынша параметрлерін анықтау мақсатында арнайы тәжірибе жүргізеді. Осындай тәжірибені бос жүріс тәжірибесі деп атаймыз.



1.4 сурет – Бос жүріс кезіндегі тәжірибеге арнаған сұлба

Осы бос жүріс тәжірибесінде кіріс орамаға номинал кернеуі қосылады, шығыс орама қосылмаған күйде болады (1.4 сурет). Сол себепті, бос жүріс

кезінде кіріс орама кернеуі $U=U_{III}$, тогы $I_1=I_6$ тең болса, шығыс орамның кернеуі $U_2=U_{26}=E_2$, ток $I_2=0$ болады.

Кірімелік ораманың тізбегіндегі ваттметр трансформатордың электр көзінен алатын қуатын көрсетеді: $P=P_6$ – мұны бос жүріс қуаты немесе бос жүрістік қуат деп атайды. Бұл энергия негізінен өзекті қыздыруға шығындалады, өйткені бос жүріс тогы аз боғандықтан орамалардың қызуы да аз. Сондықтан оны ескермеуге болады.

1.4 Қысқа тұйықталу кезіндегі режим

Трансформаторлардың қысқа тұйықталған режимін алу мақсатында олардың екінші ретті орамдарын қысқа тұйықтау қажет, яғни $U_2 = 0$ болады (1.4 сурет). Осы кезде теңдеулер жүйесі келесі түрге ие болады:

$$\begin{aligned} \dot{U}_1 &= -\dot{E}_1 + j\dot{I}_1 x_{s1} + \dot{I}_1 r_1 \\ 0 &= \dot{E}'_2 - j\dot{I}'_2 x'_{s2} - \dot{I}'_2 r'_2 \\ \dot{I}_1 &= \dot{I}_0 - \dot{I}'_2 \end{aligned} \quad (1.24)$$

Бұл режим кезінде орамдардағы токтың шамасы номиналь шамадан біраз есе асып кетуіне байланысты бірінші реттік кернеудегі номиналь шамада қысқа тұйықталу үлкен қауіп тудырады, сол себепті қысқа тұйықталуды төмендеген кернеуді қосу көмегімен жүргізу қажет.

Қысқа тұйықталу әдісінің көмегімен трансформатордың төмендегідей параметрлерін анықтап алуымызға болады:

1) орынбасу сұлбасы параметрлерін: $z_k = U_{кном} / I_{1ном}$; $r_k = P_{кном} / I_{1ном}^2$; $x_{sk} = \sqrt{z_k^2 - r_k^2}$ осы өрнектегі r_k мен z_k кедергілерін $75^\circ C$ шартты жұмыс жасау температурасына $r_{k75^\circ} = r_{k\theta^\circ} \cdot [1 + \alpha \cdot (75^\circ - \theta^\circ)]$, $z_{k75^\circ} = \sqrt{r_{k75^\circ}^2 + x_{sk}^2}$ өрнектері арқылы келтіру қажет.

мұндағы $r_{k\theta}$ - θ кездегі қоршаған орта температурасының кедергісі;

$\alpha = 0.004 \text{град}^{-1}$ - температуралық коэффициент мысқа


байланысты;

2) $P_{кном} = I_{1ном}^2 \cdot r_1 + I'^2_{2ном} \cdot r'_2 = I_{1ном}^2 \cdot r_k$ - қуат шығыны;

3) $\cos \phi_k = r_{k75^\circ} / z_{k75^\circ}$ - қуаттық коэффициент;

4) қысқаша тұйықталуда $u_{ка}$ активті және $u_{кx}$ реактивті құраушыларының проценттік мәнін және кернеуінің номиналь шамасын $u_{кном}$ анықтауға мүмкіндік береді. Осы шамалар келесі теңдіктер арқылы есептеледі:

$$\begin{aligned} u_{кном} &= (U_{кном} / U_{1ном}) \cdot 100 = (I_{1ном} \cdot z_{k75^\circ} / U_{1ном}) \cdot 100; \\ u_{ка} &= (I_{1ном} \cdot r_{k75^\circ} / U_{1ном}) \cdot 100 = U_{кном} \cdot \cos \phi_k, \\ u_{кx} &= (I_{1ном} \cdot x_{sk} / U_{1ном}) \cdot 100 = U_{кном} \cdot \sin \phi_k \end{aligned} \quad (1.25)$$



1.5 сурет – Қысқа тұйықталу режимінің сұлбасы

1.5 Трансформатордың шықпалық кернеуін өзгерту және параметрлерін келтіру. Пайдалы әсер коэффициенті

ЭҚК тұрақты болуына байланысты шығыс ораманың электр күйінің теңдеуін (өзектегі магнит ағыны тұрақты болғанда), жүкті арттыру арқылы орамадағы кернеу құлауы $Z_2 I_2$ ұлғаяды, орама қысқаштарындағы U_2 кернеу төмендейді. Шықпа кернеу өзгерісі, яғни оның қатыстық өзгерісі

$$\Delta U_2 = \frac{U_{2\delta} - U_2}{U_{2\delta}} \approx \frac{Z_2 I_2}{U_{2\delta}}, \quad (1.26)$$

мұндағы $Z_2 I_2$ – кернеудің түсуі шықпалық орамадағы. Жалпылай алған кезде трансформатор жүктемесі тұрақты емес – ол процесс аяқталғанша өзгеріске ұшырап отырады. Сол себепті, трансформатор жүктемесінің шамасын жүктеме коэффициенті көмегімен көрсетуге болады:

$$\beta = \frac{S}{S_H} = \frac{I_1}{I_{1H}} = \frac{I_2}{I_{2H}}, \quad (1.27)$$

мұндағы S, I_1, I_1 - номинал режим кезіндегі қуат пен орама токтары;

S, I_1, I_1 - жүктемедегі қуат пен орамалардың токтары.

Бұл теңдіктен шығыс орама тоғын (6.30) теңдігіне арқылы есептесек, онда шықпалық кернеудің өзгерісі

$$\Delta U_2 = \beta \frac{Z_2 I_{2H}}{U_{2\delta}}. \quad (1.28)$$

Қысқа тұйықтау тәжірибесінен номинал жүк кезіндегі шығыс орамадағы кернеудің құлауын тапсақ:


$$Z_2 I_{2H} = \frac{U_K}{K}. \quad (1.29)$$

Бос жүріс кезінде:

$$U_{2\beta} = \frac{U_{1H}}{\kappa}. \quad (1.30)$$

Бос жүріс кезіндегі кернеудің және кернеудің құлауының мәндерін теңдікке қойсақ:

$$\Delta U_2 = \beta \frac{U_K}{U_{1H}}. \quad (1.31)$$



1.6 сурет – Трансформатордың сыртқы (шықпа) сипаттамасы

Жүк мөлшеріне байланысты шықпалық кернеу өзгерісі (себебі U_K мен U_{1H} кернеудің тұрақты шамалары) екендігі анықталды. Жүктен тәуелді болатын шықпалы кернеудің өзгерісін көрсететін сызбаны трансформатордың сыртқы (шықпа) сипаттамасы деп атаймыз. Сыртқы (шықпалы) сипаттама келесі теңдеу арқылы тұрғызылады:

$$U_2 = U_{2\sigma}(1 - \Delta U_2) = U_{2\sigma} \left(1 - \beta \frac{U_K}{U_{1H}} \right). \quad (1.32)$$

Трансформатордың сыртқы (шықпалы) сипаттамасы жүктеме ұлғайған сайын оның шықпалық кернеуі төмендей береді, (2.4) теңдігіне сәйкес түзу сызық түрінде болады. Шықпалық ораманың орам санын арттыру арқылы ЭҚК-ін ұлғайтамыз, сонда ғана шықпалық кернеу электр қабылдағыштың номинал кернеуіне тең болады. Сол себепті, шықпалық ораманың орам санын өзгертіп отыратын ауыстырып-қосқыш трансформаторларда шықпалық кернеуді реттеу мақсатында қажет болады.

$w_1 \neq w_2$ болған кезде, онда $E_1 \neq E_2, I_1 \neq I_2$ ие болады, орамдардағы токтардың және ЭҚК әр түрлі болуына байланысты олардың активті және индуктивті кедергілері де әртүрлі болады. Осы жағдай трансформатордағы үрдістерді есептеуде қиындықтар пайда болады, бұл жағдай трансформациялау коэффициенті жоғары болған кезде бірден байқалады. Сол себепті, бір тармақтар санына трансформатордың екі орамдарын сәйкес келтіреді, көп жағдайда бірінші ретті орамдарға екінші ретті орамдарды келтіру қабылданды. Тармақтар саны w_2 екінші ретті орамды w_1 тармағына ие

болған кезде бірінші ретті орамға келтіреді, ол бірінші ретті тізбектің жұмыс жасау режиміне кедергі келтірмеуі қажет.

Екінші ретті келтірілген орамның бар параметрлерін келтірілген деп атаймыз.

Екінші ретті келтірілген ЭҚК:

$$E_2' = (w_1/w_2) \cdot E_2 = K \cdot E_2 = E_1,$$

мұндағы K – келтіру коэффициенті, ол трансформациялау коэффициентіне тең.

Осы қатынаспен екінші ретті орамның басқа да ЭҚК мен кернеуі өзгереді.

Екінші ретті орамды бірінші реттіге келтіргенде толық қуат теңдігін, яғни $S_2' = S_2$ немесе $E_2' \cdot I_2' = E_2 \cdot I_2$, сәйкесінше, келтірілген екінші ретті ток:

$$I_2' = (E_2/E_2') \cdot I_2 = (1/K) \cdot I_2.$$

Келтірілген және нақты орамдардағы қуат шығындары да өзгеріссіз қалуы керек, сондықтан, $I_2'^2 r_2' = I_2^2 r_2$, ендеше келтірілген активті кедергі:

$$r_2' = (I_2/I_2')^2 r_2 = K^2 r_2.$$

Бірінші реттіге келтіру кезінде екінші ретті орамның L_2 индуктивтілігі реактивті қуаттарда тең болуы қажет, $Q_2' = Q_2$ не болмаса $I_2'^2 x_2' = I_2^2 x_2$, осы кезде екінші ретті келтірілген индуктивтілік кедергі:

$$x_{s2}' = (w_1/w_2)^2 x_{s2} = K^2 x_{s2}.$$

Келтірілген трансформаторларға қажетті теңдеулер жүйесі үшін келесідей болады:

$$\begin{aligned} \dot{U}_1 &= -\dot{E}_1 + j\dot{I}_1 x_{s1} + \dot{I}_1 r_1; \\ \dot{U}_2' &= \dot{E}_2' + j\dot{I}_2' x_{s2}' + \dot{I}_2' r_2'; \\ \dot{I}_1 w_1 &= \dot{I}_0 w_1 - \dot{I}_2' w_2. \end{aligned} \tag{1.33}$$

Теңдеу жүйесінің (1.33) w_1 бөлсек, сол кезде ток теңдеулері келесі түрде болады:

$$\dot{I}_1' = \dot{I}_0' - \dot{I}_2'. \tag{1.34}$$

Жүктемедегі ток көзінен тұтынылатын активті қуаттар мен активті қуат қатынасын ПӘК ретінде анықтауға болады:

$$\eta = \frac{P_2}{P_1} = \frac{U_2 I_2 \cos \varphi_2}{U_1 I_1 \cos \varphi_1}.$$

Көп жағдайда төмендегі өрнекті пайдаланады:

$$\eta = \frac{P_2}{P_2 + \sum P} = \frac{U_2 I_2 \cos \varphi_2}{U_2 I_2 \cos \varphi_2 + P_{CT} + P_M},$$

мұндағы $\sum P = P_{CT} + P_M$ - қуат шығынының толық шамасы.

Трансформатор қуатына байланысты болат өзектегі қуаттар P_{CT} шығынын бос жүріс режиміндегі қуаттар P_0 шығынына тең деп саналады. Жүктемеге P_{CT} тәуелді болмайды, сол себепті тұрақты деп санаймыз.

Орамдардағы қуат шығыны P_M токтың екі дәрежесіне тура пропорционал:

$$P_M = P_k = I_1^2 r_{k75^0}.$$

Көп жағдайда, $\cos \varphi_2 = const; U_2 = U_{2НОМ} = const$.

Осыдан :

$$\eta = \frac{U_{2НОМ} I_2 (I_{2НОМ} / I_{2НОМ}) \cos \varphi_2}{U_{2НОМ} I_2 (I_{2НОМ} / I_{2НОМ}) \cos \varphi_2 + P_{CT} + I_1^2 r_{k75^0} (I_{1НОМ} / I_{1НОМ})^2},$$

не болмаса:

$$\eta = \frac{k_H P_{НОМ} \cos \varphi_2}{k_H P_{НОМ} \cos \varphi_2 + P_{CT} + k_H^2 P_{кНОМ}},$$

мұндағы $P_{НОМ} = U_{2НОМ} \cdot I_{2НОМ}$.

Болат өзектегі қуат шығыны электрлік шығындарға тең болған жағдайдағы максималь ПӘК мәнін k_H коэффициентінің нақты бір қолайлы мәнінде алуға болады:

$$k_{Hopt}^2 P_{кНОМ} = P_{CT},$$

Осы теңдіктен

$$k_{Hopt} = \sqrt{P_{CT} / P_{кНОМ}}.$$


Қуаты төмен трансформаторларда ПӘК $\eta = 0,6 - 0,92$, күштік трансформаторда $\eta = 0,96 - 0,99$; жүктеме $k_{\text{Норт}} = 0,5 - 0,8$ осы мәндер аралығына сәйкес келсе, онда ПӘК максималь мәнін алуымызға болады.

1.6 Үш фазалы трансформаторлар

Үш фазалы айнымалы ток козінен қоректенетін түзеткіштің сұлбалары қуаты төмен не үлкен болатын өндірістік қондырғыларды қоректендіру кезінде пайдалануы мүмкін. Осы сұлбаларды қоректендіру мақсатында үш фазалы трансформаторлар пайдаланылады. Үшфазалы трансформаторлар топтаса (1.6 сурет) жасалуы мүмкін, бұл дегеніміз трансформатор бір фазалы үш трансформаторлардан тұрады және әр трансформатор дәл бір фазалы трансформатор ретінде жұмыс істейді. Келесі бір түрі үш стерженді болады (1.8 сурет).

Трансформатордың бірінші және екінші ретті орамдарын үшбұрыш (Δ) не болмаса жұлдызша (Y) түрде жалғанған сұлбалардың бірімен жалғануы мүмкін, сұлбаның қандай қосылғаны трансформатордың құжаттық берілгендері болып саналады, қандай сұлба екендігі шартты белгімен көсетіледі, мысал ретінде Y/Y бөлшектің алымы бірінші ретті, ал бөлімі екінші ретті (1.8 сурет) орамдардың қосылу сұлбасын беріледі.

магниттік жүйе топтас трансформаторда симметриялы түрде болады, әр трансформаторды оларды зерттеу барысында жеке-жеке қарастыруға болады, сол себепті бір фазалы трансформатор үшін теңдіктердің бәрін, оның ауыстыру сұлбасын, векторлық диаграммасын топтас үшфазалы трансформатордың әр фазасындағы үрдістер үшін дұрыс деп қарастыруға болады.




1.7 сурет – Үш фазалы топтас трансформатор

Үш оқтаушаді трансформатордың әрбір стерженінің магнит ағынының геометриялық қосындысы кез келген уақытта нөлге тең болып саналады, сол себепті магнит тізбегінің тұйықталған контурлы болуын үшін қарастырылған магнит өткізгіштің арнайы бөліктерінің керегі жоқ. Үш оқтаушаді трансформатордың негізгі ерекшелігі де сол, бұл жағдай магнит өткізгіш салмағының аздығы болып саналады. Алайда, оның кемшілігі болып саналады, өйткені шеткі және ортаңғы стержендегі магнит ағынының жолы түрлі болуына байланысты олардың магниттік кедергілері де әр түрлі.

Магниттелу токтарының бір-бірінде айырмашылық магниттік кедергілердің әр түрлі болуынан пайда болады.


Барлық алты орамдар үш оқтаушаді трансформаторда ортақ өзекшеге орналасқан, сондықтан есептеулер кезінде орамдардың бір-біріне әсерін де ескеру керек. Көбінесе бұл трансформаторлардында теңдеулерін бірфазалы трансформатор теңдеулеріне келтіреді, сондықтан осыған дейін үш фазалы трансформатордың әрбір фазасы үшін алынған теңдеулер бұлар үшін де дұрыс болып табылады.

Бұл трансформатордың трансформациялау коэффициенті сызықты кернеулердің қатынасы ретінде анықталады, сондықтан ол орамдардың тармақ саны ғана емес, сонымен қатар орамдардың жалғану сұлбасына да байланысты.



1.8 сурет– Үш фазалы үш оқтаушалы трансформатор сұлбасы


Үш фазалы трансформатор орамаларының қысқыштары төмендегідей белгіленеді (1.9 сурет).



1.9 сурет – Үш фазалы трансформатор орамаларының қысқыштарының белгіленулері

Ораманың қысқыштарының қалай белгіленуін біле отыра, үш фазалы трансформатор мен үш фазалы топ орамаларын үшбұрышқа не болмаса жұлдызшаға жалғай аламыз. Сондай-ақ, трансформаторлардың параллель жұмыс жасау кезінде қалай жалғанатындығын да білу керек.


Орамаларды жалғау, төменгі суретте жоғарғы кернеудің орамасын жұлдызша етіп жалғау 1.10 суретте келтірілген.



1.10 сурет – Орамаларды жұлдызша етіп жалғау

Бұл жағдайда сызықтық кернеу $\sqrt{3}$ есе фазалық кернеуден үлкен, ал сызықтық ток фазалық токқа тең.

1.11 суретте ораманы үшбұрышқа жалғау көрсетілген.



1.11 сурет – Ораманы үшбұрышша етіп жалғау

Осы жерде желілік кернеу фазалық кернеуге тең болады, ал желілік ток фазалық токтан $\sqrt{3}$ есе үлкен. Y/Y белгілену - орамаларды жұлдызша-жұлдызша етіп жалғау. Y/Δ белгілену - орамаларды жұлдызша-үшбұрыш етіп жалғау. Y₀ белгілену - жұлдызша етіп жалғанған орамадан нөлдік нүкте шығарылған, яғни нөлі бар жұлдызшалы жалғану.

Трансформатордың $U_{сыз.1}$ мен $U_{сыз.2}$ желілік кернеулерінің арасындағы қатынас тек орамалар орамдарының санына ғана емес, сондай-ақ олардың жалғану тәсілдеріне де тәуелді болады.

Y/Y кезінде	$\frac{U_{сыз.1}}{U_{сыз.2}} = \frac{\omega_1}{\omega_2};$
Y/Δ кезінде	$\frac{U_{сыз.1}}{U_{сыз.2}} = \frac{\sqrt{3}\omega_1}{\omega_2};$
Δ/Y кезінде	$\frac{U_{сыз.1}}{U_{сыз.2}} = \frac{\omega_1}{\sqrt{3}\omega_2}.$

1.7 Трансформаторды параллель қосу және жалғау топтары


бірінші және екінші ретті ЭҚК арасындағы фаза бойынша ығысу бұрышына байланысты трансформаторды бірнеше жалғау топтарына бөлуге болады.

1-ден 12-ге дейін бүтін сандар жалғау топтарын белгілеу мақсатында таңдап алынады. Осы жердегі бір саны (бірінші топ) 30^0 -қа сай болады деп шартты түрде қабылданған, яғни топтардың еселік бұрышы 30^0 -қа тең болады. Жалғау топтарын анықтау барысында жоғары кернеу орамаларының ЭҚК векторымен минут тілін, ал төменгі кернеу орамаларының ЭҚК векторымен сағат тілін салыстыру қажет. Минут тілін сағат тіліне бағыттас, олардың айналу бағыты бойынша жүргізу бұрыштың саналуы болып табылады.

Бір фазалы трансформаторды орамалары 1.12 суретте берілген.

Олар ораудың бағыттас кезінде орындалса, (мысалы, сағат тілі бойынша, егер A дан X-ке және a-дан x-ке қарай қараса), бір жаққа бағытталған векторлар онда оларға келтірілген э.қ.к. болып көрсетіледі.

Осындай трансформатор 12 санымен белгіленетін жалғану тобына жатады. Олардың шартты белгіленуі 1/1-12 болады.



1.12 сурет – Бір фазалы трансформаторлар 1/1-12


Трансформатор төменгі кернеу орамасына ие болса, онда бастапқы жағдаймен салыстырғанда қыспақтардың белгіленуі көрсетілген болса, онда ЭҚК арасындағы ығысу 180^0 тең болады. (1.13 сурет).



1.13 сурет – Бір фазалы трансформаторлар 1/1-6

Осындай трансформаторлар 6 санымен белгіленетін жалғану тобына жатады.

Орамаларының қосылуы Y/Δ үш фазалы трансформаторды алып көрейік (1.14 сурет).




1.14 сурет – Үш фазалы трансформаторлар Y/Δ-11

Осы суретте байқайтынымыз, келтірілген э.к.к.-ң векторлық диаграммалар желілік э.к.к.-ң арасындағы ығысудың 330^0 тең екенін білдіреді. Яғни, трансформаторда 11 топқа жатады. Ол Y/Δ -11 шарты белгісімен белгіленеді.

Орамаларды Y/Δ (Δ/Y немесе) жалғау кезінде бар тақ топтарын 1, 3, 5, 7, 9, 11 қабылдаймыз.

Бұл жалғану топтарының 12 мен 11 екеуі ғана стандартталған. Бар жасалатын бір фазалы трансформаторлар мен орамалары Y/Y бойынша жалғанған үш фазалы трансформаторлар 12 топқа кірсе, орамалары Y/Δ етіп жалғанған үш фазалы трансформаторлар 11 топқа кіреді.

Көбінесе, электрмен қамтамасыз ету сенімді болу мақсатында трансформаторды лаустанцияға екі не болмаса одан да көп трансформаторлар қойып жатады. Бір трансформатордың қуаты электр қабылдағыштардың қуатынан төмен болған кезде екі не одан да көп трансформаторлар қойылады. Бір кернеулі торапқа трансформатордың кіріс орамалары жалғанады қосылады. Осылайша, номинал кернеулері бірдей болатын электр қабылдағыштарды қамтамасыз ететін, с онымен қатар бір торапқа жалғанатын лаустанциялы трансформаторлар бір-бірімен өзара параллель жалғанады.



1.15 сурет – Трансформаторлардың параллель қосылуы (а) мен олардың шықпалы орамаларының орынбасу сұлбасы (б)

Осы жоғарыда айтылғандар мен 1.15, а суреттегі кіріс және шықпалы орамаларының номинал кернеулері бір-бірімен өзара тең болуы қажет. Осы шарт трансформатордың трансформация коэффициенттері бір-бірімен өзара тең болған жағдайда орын алады. Параллель жалғанған екі трансформатордың шықпалы орамалар тізбегінің орынбасару сұлбасы 1.15, б-суретте берілген. $E_1 = E_2$ шарты орындалмаса, яғни шықпалық орамалардың ЭҚК бір-бірімен өзара тең болмаған жағдайда, онда бос жүріс күйінде де шықпалы орамалар бойымен ток жүретін болады. Осы ток орамаларды қыздырып, трансформаторда қосымша шығын пайда болады. $E_1 = E_2$ шарты орындалуы мақсатында трансформаторлардың жалғану топтары бірдей болуы қажет, яғни ТЕК шықпалы орамалардың ЭҚК сан мәндері ғана емес, сонымен қатар фазалары да өзара тең болуы қажет.

Орынбасу сұлба бойынша трансформатордың шықпалы орамаларының тогы:

$$I_1 = \frac{E_1 - U_2}{Z_1 k_1},$$
$$I_2 = \frac{E_1 - U_2}{Z_2 k_2}.$$

Осы жерде $E_1 = E_2$ шартын орындалады деп санасақ, онда бірінші теңдеуді екінші теңдеуге бөлсек, алатынымыз

$$\frac{I_1}{I_2} = \frac{Z_{k2}}{Z_{k1}}.$$

Қысқаша тұйықталу кезіндегі кедергінің орнына солардың мәндерін қойсақ, онда төмендегідей болады.

$$\frac{I_1}{I_2} = \frac{u_{k2} 2\%}{u_{k1} \%} \cdot \frac{S_{1H}}{S_{2H}}.$$

Қысқаша тұйықталудың кернеулері өзара теңдеп есептесек, $U_{k1} = U_{k2}$ тек болады, онда

$$\frac{I_1}{I_2} = \frac{S_{1H}}{S_{2H}}.$$

Осы қысқаша тұйықталу кернеулері бір-бірімен тең болған жағдайда, параллель қосылған трансформатордың жүктемесі олардың номинал қуаттарына пропорционал болады, арадағы ортақ жүк олардың номинал қуаттарына қарай бөлінеді (үлкен қуатты трансформатордың жүктемесі де үлкен, ал төмен қуатты трансформатордың жүктемесі де төмен) деген тұжырым туындайды.

Сол себепті, трансформаторды жұмысқа параллель жалғау мақсатында келесі үш шартты орындау қажет:

